

Жалпы ережелер

1 «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК (бұдан әрі - балабақша) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруда бірінғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

1. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалардағы ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Балабақша бөлімшелерінің біріне жүктелетін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, оларға тенестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық — бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс — қимыл - лауазымды тұлғалардың, Балабақша жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

8) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың профилактикасы-лауазымды тұлғалардың, Балабақша жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ олардың салдарларын жою жөніндегі қызмет.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері қағидаттары мен функциялары

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты Балабақшаның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының